

А.Т. Иманғалиев<sup>\*</sup>, З.О. Дүкенбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: imangaliyev\_historian@mail.ru, dukenbaevazo@mail.ru)*

## Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің «Табиғат матбұғат» (طبيعة مطبوعه) қолжазбасы хақында

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ХХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап ортағасыр мұсылман ренессансының көрнекті өкілі әл-Фараби есімін зерттеп-зерделеп, ортағасыр баба мұрасының еңбектерінің негізінде жаңа ғылыми мұралар қатарын дүниеге әкелді. Солардың бірі ретінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасының сирек қорында сақтаулы Ақжан әл-Машанидің «Табиғат матбұғат» (طبيعة مطبوعه) қолжазбасының көшірмесі. Бұл қолжазбаны фарабитанушы-машанитанушы ғалым Дүкенбаева Задаш Оразғалиқызы кітапхана қорына сыйлады. Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани аталмыш қолжазбаны «Табиғат матбұғат» деп аталу себебін «Әл-Фараби және Абай» атты кітапта көрсете келе, барлық жаратылыс дүниенің бірі — табиғат, ал матбұғат — баспа орны, кітап басып шығаратын орын деп негіздейді. Яғни, адам баласының білім алатын көзі — табиғат дегенге саяды. Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің көрсетуі бойынша табиғатты бақылау, зерттеу, оны тексеру, заңдылығын тану арқылы ғаламшардың жаратылысын және Жаратушысын тануымызға болады деп атап көрсетеді. Ақжан әл-Машанидің аталған қолжазбасынан табиғат және шындық дүниені тану жолында яғни Құран, АБЖД және жаратылыстану ғылымдарының бір арнаға тоғыстыра отырып зерттеу арқылы жаңа ғылыми дүниелерді көрсетті. Аталмыш қолжазба фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің энциклопедист ғалым ретінде одан әрі дәлелдей түседі. Себебі, бұл қолжазбада табиғаттың сырын шешудегі көптеген мәселелер, яғни дүниені құраушы бес тетік, Қағба, темірдің (хадид) адамзат баласындағы алатын орны, аспан әлемі туралы айтылған.

*Кілт сөздер:* фарабитанушы, Ақжан әл-Машани, қолжазба, Құран, табиғат ғылымдары, АБЖД ғылымы, шындық, аспан әлемі, он екі мүшел.

### *Kipicne*

«Адам ғалам ішіндегі ғалам», – деген тағылым бар. Айналамыздағы, яғни күллі жұлдызды әлемдегі аспан шырақтары — жұлдыздар ғаламат кең дүние болса, сол жұлдыздардың арасындағы кішкентай болып саналатын Жер ғаламшарындағы ғақли саналы адам баласы бір кіші ғалам болып табылады. Мұның терең мағынасы: табиғат ғаламы адамға мекен ретінде жағдайластыра жаралған болса, адам сол мекенге өлшеніп жаралған пенде. Табиғаттағы барлық нәрсе, бір-біріне өлшемдес, бір-бірімен байланысып жатқан ғажайып бір құбылыс» деп тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Тұран қақпасы» атты кітабының 14-ші томында атап өтеді [1: 197]. Осылайша, геология ғылымының негізін салушы Ақжан әл-Машани табиғат әлемі мен адамзат баласы арасындағы үйлесімділік байланысының заңдылығын зерттеді. Бұл туралы фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің 1989 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік басылымында жарық көрген мақала-сұхбатында әл-Фараби сынды ғұлама хакімдердің қағидасын келтіре отыра, адамзат баласының келесідей көркем қасиеттерді иелену арқылы дүниенің бұзылмай тұруының негізгі тірегін атап өтеді. Олар: «Ғадалат» — әділдік, турашылдық; «Салауат» — қайырымдылық, жомарттық; «Қанағат» — барға ризалық; «Инабат» — шыншылдық деп көрсетеді. Осы ретте, адамзат баласы осы төрт тіректі берік ұстаса, дүние көрікті һәм раушан өмір болмақ деп атайды [2: 2]. Жер әлеміндегі адамзат баласы жоғарыда аталған көркем қасиеттерді иеленсе, дүниенің асыл болатындығын атап көрсетеді.

Осы бағытта, Ақжан әл-Машани дүние шындығының ізденісі жолында, табиғат пен жер ғылымы аясында көптеген ғылыми мұраларды дүниеге әкелді. Ғалым жер ғылымы бойынша көптеген еңбектер қалдырды [3: 14]. Атап айтатын болсақ, «Как образовались горы» [3: 17], «Механика массивы горных пород» (1961) [3: 18], «Кристаллография, минерология и петрография» (1969), [3: 18] және Ф.Н. Шаховтың «Металлургия меди» (1940), Н.Н. Пальговтың «Очерки и картины Казахстана» (1948), В.А. Обручевтің «Оновы геологии» (1950), И.В. Мушкетовтың «Краткий курс общей

<sup>\*</sup> Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: imangaliyev\_historian@mail.ru

геология» кітаптарын ана тілімізге аударып, қазақ оқырмандарына қолжетімді жасады [3: 25]. Осылайша, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани табиғат, жер ғылымдары арқылы дүниенің шындығына жетуге ұмтылды. Бұл мәселе бойынша, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ақын Абайдың «Желсіз түнде жарық-ай» атты өлеңін талдағанынан байқауымызға болады: «Түскен жарық пен оның зат бетінен көрінген сәулесі арасында терең мағына жатыр. Күн жарық беруші болғанда оның Ай бетінен шағылысып шыққан түрі айналық жарық яғни, сәуле. Оны Нұр мағынасында алып, Ай ғаламның Нұр сәуле айнасы деуге болады» [4: 118]. Осылайша, фарабитанушы-ғалым ең алдымен, табиғат, жер ғылымдары мен Абай мұралары арқылы әл-Фарабиді және еңбектерін зерттеп дүниенің шындық дәрежесіне жетуді мақсат тұтты.

Бұл туралы фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің 1989 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналының № 9 нөмірінде «Шындық іздеген заман жетті» атты берген сұхбатында: «Әл-Фарабидің ұзақ ғұмырындағы іздегені — өмірдің шындығы, мәңгілік рухтың сыры. Шындық іздеген адам адаспайды, азбайды. Сол себептен мен талапты жастарға әл-Фараби бабаңнан шындық іздеу әдісін үйрен дер едім. Тегінде адам өмірінің мазмұны сол шындықта. Шындық жоқ жерде тұрақтылық, әділет, уағда, инабат, махаббат, қанағат, рахымдық, ар-ұят меңзелдес адамгершілік категориялары жоқтың қасы», - деп [2: 5], әл-Фарабидің мұралары арқылы өмір дүниесінің шындық көзі турасында ойларымен бөліскен.

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап Ақжан әл-Машани ортағасыр мұсылман ренессансының көрнекті өкілі әл-Фараби туралы терең ізденіс жұмыстарын жүргізе отыра, баба мұраларынан көптеген ғылымдардың сабақтастығын байқап, жаңа ғылымдар тоғысын ашқанын байқайды. Нәтижесінде, әл-Фараби мұраларын зерттеп-зерделеу арқылы ғылыми еңбектер қатарын жарыққа шығарады. Атап айтатын болсақ, 1961 жылы әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтартпас дәлелдермен ҚР ҰҒА Хабаршысында (Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы, 1961, №5, 105-106 бб.) [5: 14], 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Әл-Фараби» тарихи романы [6] мен 1994 жылы «Әл-Фараби және Абай» атты ғылыми еңбегін жазып жариялады [7]. Сондай-ақ, әл-Машанидің «Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы» [8], «Әл-Фарабидің нұрнамасы» [9], «Философия таласты майдан» [10], «Ислам діні және ғылым» [11] т.б. ғылыми еңбектерін және зерттеу мақалаларын атауымызға болады. Ақжан әл-Машанидің бұл зерттеу жұмыстарын қарайтын болсақ, әл-Фараби талдау жасаған зерттеулерді негізге ала отырып, геометрия, математика физика, химия, геология, тіл, әдебиет, теология, яғни табиғат ғылымдарын сабақтастыру арқылы ғаламның жаратылысын, пайда болуын, даму көрсеткішін, ғалам мен адамзат баласы арасындағы үйлесімділік байланысын зерттеді.

Осылайша, Ақжан әл-Машани көпжылғы ғылыми ізденіс жұмысының нәтижесінде, ойшыл әл-Фарабиді табиғат зерттеушілердің алдыңғы қатарларындағы ғалым деп көрсете отыра, табиғат ғылымына бақылау, өлшеу әдістерін қолданған тұлға деп атайды [12: 159]. Осы бағытта, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Ғалами мөр» атты кітабында табиғат дүниесін тану үшін әл-Фарабидің «Табиғат–матбуғат» атты қағидасын ұсынады. Мұндағы «Матбуғат» —шындық кітап шығаратын баспа орны деген мағынаны береді. Яғни, адамзат баласына білім-ғылым беретін негізгі оқулық «табиғат» деп атайды [4: 23].

Аталған тақырып бойынша, 1983 жылы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің қаламынан туындаған «Табиғат матбуғат» атты қолжазбаның алатын маңызы зор. Себебі, бұл қолжазба Ақжан әл-Машанидің «Ғылыми ізденіс жолында алдымен табиғат дүниесін танудан бастау керек» [4: 23] деген қағиданы толыққанды дәлелдей түседі.

#### *Материалдар мен әдістер*

Мақала Ақжан әл-Машанидің ғылыми еңбектері туралы баяндайтын Алматы қаласындағы Қазақстан Ғылым академиясының мұрағатындағы 2-қорының 1-ші деректік құжатынан [3] және әр жылдары жарық көрген Ақжан әл-Машанидің ғылыми мұралары жинақталған томдық кітаптардан тұрады.

Сонымен қатар, бұл мақалада тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің қаламынан туындаған қолжазбасы туралы айтылады. Бұл қолжазбаның атауы: «Табиғат матбуғат». 1-дәптер طيبة (مطلوغة) [13]. Қолжазбада 1981-1983 жылдары аралығында Ақжан әл-Машанидің ғылыми жұмыстары жарық көрген ақпараттар қамтылған.


Бұл көшірме қолжазбаларды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, машанитанушы-ғалым Дүкенбаева Задаш Оразғалиқызы

университеттің Ғылыми кітапханасына сыйға тартқан болатын. Осылайша, сирек қорда сақтаулы қолжазбаларды зерттеп-зерделеу арқылы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ғылыми мұраларынан тарих, әдебиет, тіл ғылымы, геометрия, математика, химия атты басқа да ғылымы салаларын сабақтастыра зерттеу арқылы дүниенің шындығына жетудегі талпынысын көруімізге болады. Бұған дәлел ретінде Ақжан әл-Машани қалдырған «Табиғат матбуғат. 1-дәптер (طبيعة مطبوعة)» атты қолжазбасынан [13] табиғат ғылымдарының сабақтастығының нәтижесінде көрініс тапқан зерттеулерінен байқауымызға болады.


Мақалада деректерді ғылыми сараптау және синтез әдістері қолданылды.

*Нәтижелері мен оларды талқылау*

Жоғарыда атап өткеніміздей, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Ғалами мөр» атты кітабында табиғаттану — адамзат баласының негізгі білімінің, ғылымының, санасының, дінінің негізгі қайнар көзі деп атап өтеді. Ал табиғаттанудың жаңа сатысында ғылым негізі — исламда. Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ойшыл әл-Фараби еңбектерін зерттеп-зерделеп табиғат ғылымдарының сабақтастығын көре алды. Нәтижесінде, Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және музыка» атты кітабында: «Табиғат» атауын әл-Фараби арабтың: мөр-белгі сөзінің «табиғ» түбірінен алып оны: болмыста бар нәрсенің бәрі Жаратушының жасағаны, оның құдіретті қолының таңбасы мен ізі... немесе «жүзік мөрі» деп атап көрсетеді [12: 320]. Бұл мәселелер Ақжан әл-Машанидің қаламынан туындаған қолжазба көшірмесінде толыққанды айтылады. Бұл қолжазбаның көшірмесі 63 парақтан құралған. Қолжазба көшірмесінің алдыңғы 3 парағы мұқабасы ретінде берілген. Соның 3-ші парағында қолжазба атауы «Табиғат матбуғат» (طبيعة مطبوعة) және автор атауы көрсетілген. Төмендегі суретке зер салатын болсақ, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің келесідей суреттеп жазуы тарихи-философиялық және діни мағынамен астарлас болып табылады. Себебі араб белгісінде көрсетілген жоғарыда 786 — «Бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим» Бас батаның АБЖД ғылымы бойынша есептегендегі сандық мәні. Ал айнала қоршаған 12 белгі ай, жыл мүшелдерін білдіреді. Шеңбер ішіндегі квадрат фигурасы мұсылмандарға қасиетті мекен болып табылатын Мекке қаласында орналасқан Қағбаны көрсетеді. Ал, квадрат фигурасының ішіндегі араб белгісінде көрсетілген 2 мен 6 сандары өгіздің екі мүйізімен сәйкес келеді. Себебі, өгіз — бұл 12 жыл жануар мүшелерінің бірі, яғни аспан әлемі, астрономиямен тығыз байланысты екенін көруімізге болады. Бұл айтылған негіздердің барлығы адамзат баласының күнделікті және физикалық өмірімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, 12 мүшел санын 7 санына қосу-алу амалдарын жүргізетін болсақ 19 саны шығады. Мұндағы 7 саны — жеті хат көк, жеті қат жер мағынасын білдіреді, қорытынды мәні шыққан 19 саны — жоғарыда атап өткеніміздей Бас бата санына тең болды [14: 101]. Ал 12 мен 7 санын айырма арқылы алатын болсақ, 5 саны шығады. Бұл аспан әлеміндегі күн мен айды есептегендегі планета санына тең және барлық ғаламды құраушы бес тетік (от, су, жел, жер, эфир) [15: 87].



-1-




-2-

Қолжазбаның мұқабасынан кейінгі 1-парағы «Бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим» атты Құрандағы Исламдағы бірінші сөз Бас батадан басталатын «Юнус» атты 10-сүресінің 5-аятында: «Ол сондай Алла, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін

білулерің үшін орындар белгіледі. Алла, бұларды шындықпен ғана жаратты. Алла, білетін ел үшін; аяттарын ашық-ашық баян етеді» [16: 225] және «Ән`ам» сүресі атты 6-сүренің 97-аятында: «Ол құрлық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратқан» [16: 253]. Ақжан әл-Машанидің аталмыш екі сүре аяттарын қолдану арқылы аспан жаратылысын және оның адамзат баласымен тығыз байланысты екендігін көрсетуге тырысты. Мәселен, «Юнус» атты 10-сүресіне 5-аяты айтылғандай ойды фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ғылыми мұралары жинақталған «Әл-Фараби көпірі» атты кітапта атты келесідей ойлар жалғастырады: «Әл-Фарабидің: «Табиғат ғылымының жоғары асыл тегі» атты мұрасында мынадай сөз жазылған: Мұхаммед Расу Алланың қасында жүретін Жабр ибн Ғабдолла атты бір сахабасы сұраса керек: «Иә, Расул Аллаһ! Тәңірінің ең бірінші жаратқан не нәрсе? – деп. Оған Мұхаммед Расул Аллаһ айтқан: «Иә, Жабр! Алланың ең бірінші жаратқан сенің пайғамбарыңның нұры», – деген. Осы бір ауыз хадис бүкіл ғаламның кілті болып табылады. Осыдан кейін Расул Аллаһты ислам елі «Нұрмұхаммад» деп атаған». Мұндағы «Нұрмұхаммад» сөзін АБЖД ғылымы бойынша есептейтін болсақ (М=40, Х=8, М=40, М=40, Д=4), мәні — 132 болады. Бұл сан «қалаб» (жүрек) және сабиғ (жеті) сөздерінің ішіндегі әріптерінің санымен мәндес [5: 55]. Яғни, адамзат баласын жүрегінде нұрдың орналасқандығын көрсетеді. Сондықтан да, әр имандық келтіргенде жүрегімізге сену арқылы, келешекке деген көзқарасымыз жарқын болады. Сонымен қатар 10-сүресінің 5-аятында келтірілгендей «Ол сондай Алла, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгіледі» әр жеті қат көктің (Санжар (Сатурн), Шоңай (Юпитер), Арай (Марс), Шолпан (Венера), Болпан (Меркурий), ал тұрақты жұлдыздар қатарына Күн, Ай, жүретін айналмалы сызығы, орналасу реті мен функциялары бар. Бұл туралы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Табу» атты кітапта былай деп атап өтеді: «Ғаламдағы барлық заттар, барлық денелер, Құс жолы, Галактикалардан бастап атомға дейін, электронға дейін өздерінің тиісті шеңберінде (орбитасында) айналады. Сол себепті айналыс қуаты табиғаттағы ең бір тұрақты да жоғалмайтын құбылыстардың бірі» [17: 267].

Аталмыш қолжазбаның 1-ші парағында Фатихан сүресінің «Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән» атты 2-аятын келтіре отыра [16: 2], АБЖД ғылымына тоқталып өтеді. Егер де Ақжан әл-Машанидің қолжазбаларын қарайтын болсақ, әр зерттеу жұмысы АБЖД ғылымымен тығыз байланысты. Қолжазбаның екінші парағында АБЖД ғылымына сипаттама берілген. Парақтың жоғарғы жағында Құрандағы Бас бата және араб жазуларымен «Әліппе – АБЖАД» (القبا - ابجریه) деп көрсетілген. Фараби есімін жаңғыртқан тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани.



-3-



-4-

«Өгізханның қолтаңбасы» атты кітапта: «Әл-Фараби заманындағы ғылымды АБЖД» есебінсіз түсіну қиын» деп көрсетеді [18: 388]. Ақжан әл-Машани аталмыш еңбекте атап көрсеткендей, ғаламды құраушы заттардың геометриялық формасы, сандық мәндері болады [18: 388]. Демек, АБЖД есебі — әріптің орнына сан алу деген мағынаны білдіреді. Бұл жерден әріп пен сан арасындағы байланысты көре аламыз. АБЖД есебі араб әріптерінің негізінде жасалған. Бастапқы кезеңде ондағы әріп саны 22, кейіннен 6 әріп қосылғанның нәтижесінде мәні — 28 болды. Ақжан әл-Машанидің көрсетуі бойынша табиғат дүниесіндегі кейбір атауларды және соларға байланысты аңыздар мен тылсымдар АБЖД есебінен шығатындығы жөнінде айтылады [18: 257]. Мәселен, жоғарыда атап

өткеніміздей, АБЖД ғылымы бойынша есептегенде Құрандағы Бас бата саны — 786, ал әріп саны — 19 тең. Ақжан әл-Машани «Тұран қақпасы» кітабында атап көрсеткендей, 19 санын 6 санын көбейтінді арқылы еселейтін болсақ, мәні — 114 шығады. Бұл сан — Құрандағы барлық сүре саны [4: 53]. Ал 6 саны туралы фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани мына «57» атты сүренің 87-аяты арқылы көрсетеді: «Көкті және Жерді Аллаһ алты күнде жаратты» [17: 227]. Яғни, Ақжан әл-Машани АБЖД ғылымы арқылы табиғат ғылымдары мен Құран сүрелерінде келтірілген аяттарды қолдана отырып, жаңа ғылыми шындықтарды аша алды. Солардың бірі ретінде, қолжазбаның 1-ші парағында барлық сүрелердің анасы болып табылатын «Фатиха» сүресінің 2-аяты келтірілгеннен кейін  $26 \times 11 = 286$  мәні берілген. Қолжазбаны мұқият зерделейтін болсақ, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің зерттеулерінен көптеген ғылыми шындықтарға бой алдырамыз. АБЖД ғылымы бойынша есептегендегі «Ай» сөзінің сандық мәні — 11 [18: 213]. Бұл дегеніміз түнгі уақытта жарқырап тұратын Нұр мағынасымен сәйкес келеді. Ал, 26 саны темірдің арабшасы «хадид» (حديد) ( $x=8$ ,  $d=4$ ,  $i=10$ ,  $d=4$ ) сөзінің сандық мәнін есептегендегі көрсеткіші. 26 саны — Менделеев кестесіндегі Темірдің (Fe) реттік нөмері, атомның электрон саны [19: 160]. Ай санын (11) хадид (26) санына көбейту амалы арқылы шыққан 286 саны — Құрандағы Бақара (البقرة) сүресіндегі жалпы аят саны [17: 289]. Бұл туралы фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Айдың аялдамалары» атты кітабында: «Әр нәрсенің бір шоқтығы бар. Құранның шоқтығы Бақара сүресі» деп хадистен мысал келтірген болатын [20: 60].


Енді қолжазбаның үшінші парағында алдыңғы 1, 2-парақтарындағы мәселелермен етене тығыз байланысты. Қолжазбаның жоғарғы жағында араб белгі сандарымен  $24+64=88$  мәні және мұндағы 24 санын «Ән-Нұр» сүресімен байланыстырады. Бұл сүре Қасиетті Құранда 24-ші реттілікпен тұр [16: 393] Ақжан әл-Машани «Шаңырақ» атты кітапта аталмыш сүре арқылы табиғаттың бір белгісі болып табылатын Нұр-сәуленің маңыздылығын келесідей көрсетеді: «Расул Аллаһ ғаламының иесінің ең бірінші жаратқан заты не болды екен? – дегенде Пайғамбарымыздың (с.ғ.у.) берген жауабы: «Я Жебр, Аллаһтың ең бірінші жаратқаны сенің пайғамбарыңның Нұры» деп ғаламның басқы шегі Пайғамбар нұрынан деген түсінікті алға тартатынын атап көрсетеді [14: 146]. Сонымен қатар, әр қолжазба Құрандағы бас бата және оның 786 санымен басталады. Бұл сан тарихи-философиялық және діни тұрғыдан маңызды. Себебі, қолжазбаның үшінші парағына қарайтын болсақ, араб жазуларымен 12 жыл мүшелдері берілген. Сонымен қатар, әр жыл мүшелдерінің металдары, апта күндері бар. Бұл адамзат баласының күнделікті өмір тарихымен тығыз байланысты. Ол туралы Ақжан әл-Машани былайша атап көрсетеді: Меркурий (арабша — Ғұтарад, қазақша Айқыз — Болпан), Венера (арабша — Зуһра, қазақша — Шолпан), Марс (арабша — Марих, қазақша — Арай, Юпитер (арабша — Муштари, қазақша — Есекқырған–Шоңай), Сатурн (арабша — Зуһал, қазақша — Санжар). Осыған сәйкес, әр жеті қат көктің металдары болады. Атап айтатын болсақ, Күн — алтын (Au–79), Ай — күміс (Ag–47), Марс — темір (Fe–26), Меркурий — Сынап (Hg–80), Юпитер — қалайы (Sn–50), Венера — мыс (Cu–29), Сатурн — қорғасын (Pb–82). Егер бұл металдардың атомдық массасын қосу амалы арқылы жүргізетін болсақ, мәні — 393-ке тең болады. Осы санды екі еселегенде  $393 \times 2 = 786$  мәні, Құрандағы Бас батаның («Бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим») әріптерінің сандық мәніне тең шығады [20: 12]. Сондықтан да қолжазбаның 3-ші парағындағы Бас батаның берілуі аспандағы жеті қат көктегі металдарының санымен сәйкес келуін білдіреді. Сонымен қатар, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани шеңбер ішіндегі квадрат фигурасын мұсылман әлемі үшін қасиетті Мекке қаласында орналасқан Қағбамен байланыстырады. Ол туралы Ақжан әл-Машани «Айдың аялдамалары» атты кітабында Қағбаның (текшенің) 6 беті, жағы, 12 қыры, 8 төбесі бар екендігін және  $6+12+8$  қосу амалымен шығарғандағы мәні 26-ға тең болатындығын айтады. Бұл дегеніміз, жоғарыда атап өткеніміздей, темірдің арабша атауы хадидтің (حديد) сандық мәнімен сәйкес келеді. Ал «темір» сөзінің арабша аудармасы «Ал-хадид» сөзінің АБЖД ғылымы бойынша есептегенде мәні 57-ге тең. Бұл Қасиетті Құрандағы 57-сүре «Әл-Хадид» сүресі болып табылады [20: 60]. Темірдің маңыздылығы туралы Ақжан әл-Машани «Табу» атты кітабында темір — тыныс металы, қанға қызыл түс беретін қосынды деп атап көрсетсе [17: 242], ал «Шаңырақ» атты еңбегінде 57-сүренің 25-аятын келтіре отыра, «Әрі темірді Біз түсірдік, онда адамдар үшін үлкен қауіп және пайдалар бар» деп көрсетеді. Яғни, темірде адамдар үшін үлкен зиян бар, себебі, одан қару-жарақтар жасалады. Сонымен бірге темірде адамдар үшін үлкен пайда да бар, одан тіршілікте қажет болатын заттар жасалады [16: 648].

Қолжазбаның үшінші парағындағы араб жазуларымен жазылған кесте берілген. Кестенің жоғарғы жағындағы хандас (هندس) берілген. Бұл туралы Ақжан әл-Машани келесідей атап көрсетеді: «Әл-Фарабидің тұжырымы бойынша ойлау логикасының өзегі — оның дәлеліне саятындығы.


Ал, барлық дәлелдердің ішіндегі ең айқыны және сенімдісі геометриялық дәлелдеулер. Бұл идеяны Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни: «Егер ғылымды білгің келсе, досың сенің хандисат» деп атап көрстеді [19: 29]. Сондықтанда, Ақжан әл-Машани зерттеулерінде геометриялық есептеулерді жиі қолданады. Қолжазбада көрсетілгендей, дүниені құраушы бес тетік бар және олардың бейнелейтін элементтер бар. Атап айтсақ, от-тетраэдр (төртжақты), жер бейнесі текше (алтыжақты), ауа бейнесі — октаэдр (сегізжақты), су бейнесі — икосаэдр (жиырма жақты), эфир — додекаэдр (он екі жақты). Яғни бұл дұрыс көпжақтардың ерекшелігі геометриялық сапасы жөнінен ғана емес, бүтін әлемнің, Ғарыштың геометриялық негізін жасады [19: 43]. Түзу дұрыс көпжақтылардың саны:

- ✓ Төрт жақ (от, тетраэдр) — 4 жақ, 4 төбе, 6 қабырға, жиыны = 14;
- ✓ Сегіз жақ (ауа, октаэдр) — 8 жақ, 6 төбе, 12 қабырға, жиыны = 26;
- ✓ Алты жақ (жер, куб) — 6 жақ, 8 төбесі, 12 қыры, жиыны = 32;
- ✓ Жиырма жақ (су, икосаэдр) — 20 жақ, 12 төбе, 30 қабырға, жиыны = 62;
- ✓ Он екі жақ (эфир, додекаэдр) — 12 жақ, 20 төбе, 30 қабырға, жиыны = 62 [21: 192].

Әр дұрыс көпжақтардың жақтарын қосқанда (50), төбелерін қосу амалымен шығарса (50), қырларын қосқанда 90, нәтижесінде барлығы 190 болады. Бұл сан Құрандағы Бас бата (19) мен аспан (10) сандарының көбейтіндісіне тең [15: 168]. Осылайша, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани Құран сүрелерін, табиғат ғылымдарын және дүниенің құраушы тектіктерді АБЖД ғылымымен сабақтастыра зерделеуі арқылы жаңа ғылыми қорытындыларды жасай алды.



-5-




-6-

Қолжазбаның 4-ші және 5-ші парағы Құрандағы Бас бата және оның сандық 786 мәні берілген. Бұл парақтарды зерттей келе, аспан әлемінің бейнесін көрсететін 12 мүшел және оның ішіне сызылған Қағба пішіндес текше бейнелері көрсетілген. Егер мұқият зер салатын болсақ, шеңбердің жоғары бөлігінде араб белгісімен 8 және 4 сандары берілген. Мұндағы 8 саны бойынша Ақжан әл-Машани «Шаңырақ» атты кітабында қазақ халқының бас ақыны Абайдың «Аллаһ мықты жаратқан сегіз батыр» дегенді көрсете отыра, қыс-жаз, күн-түн, жұп-тақ, жақсылық-жамандық деп көрсетеді. Алағашқы атауы табиғат дүниесіне қатысты болса, ал соңғы екі антоним сөздер рухани тұрыда болып табылады. Яғни, мұнда егіз-сегіз қағидасының бар екенін атап көрсетеді [14: 173]. Ал, мұндағы 4 саны — текшенің төрт жағы, шаршы-жер мағынасында атап көрсетеді [14: 24]. Егер аталмыш қолжазбаның 4-ші парағында көрсетілгендей, 8-ді 4 санына қосынды әдісі арқылы шығаратын болсақ, мәні 12 болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл сан 12 мүшел және жыл атаулары болып табылады. Аталған парақта араб белгілерімен Бақара сүресі (аят саны — 286) және Жебірейіл періштенің 246 сандық мәні берілген. Жалпы, Ақжан әл-Машани «Қадір түнгі ойлар» атты кітабында төрт періштенің сандық мәндерін тізбектеп көрсетеді. Атап айтатын болсақ, Жебірейіл — 246, Микаил — 111, Исафил — 382 және Ғазраил — 318 деп атап көрсетеді [15: 51]. Сондай-ақ, араб белгі сандарымен  $302+36 = 338$ . Бұл сан  $338=246+92$  қосындысына тең. Яғни, мұндағы 246 саны АБЖД ғылымы бойынша Жебірейіл сөзінің сандық мәні болса, ал, 92 саны араб қарпіндегі قعب (Қағба) сөзінің сандық мәні болып табылады [13: 4]. Қолжазбаның 5-ші бетіндегі Бақара сүресі (286 аят саны), Әл-Ән`ам сүресі (165 аят саны) және Әл-Жуму`а сүресі (аят саны — 11). Осылайша, Ақжан әл-Машани Бақара сүресіндегі 286 аят санын, жоғарыда атап өткеніміздей, Ай саны (11) темірдің

арабша атауы «хадид» сөзінің сандық (26) мәніне көбейтіндісіне тең [21; 60] екенін көрсеткен. Ал Әл-Ән`ам сүресіндегі аят саны 165 сандық мәнін Ай саны (11) мен «Әл-Хижр» атты сүресінің 15-санына көбейтіндісіне тең. Сондай-ақ, аталмыш парақта берілген кестеде 62 және 26 сандары беріліп көрсетілген [13: 5]. Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің қолжазбалар жинақталған «Табу» атты кітапта бұл екі санды ғажаптың кілті, бүкіл әлемді құраушы заттарды сандары деп атап айтады [17: 97]. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей, АБЖД ғылымы бойынша есептегендегі «Хадид» сөзінің сандық мәні, Текшені (Қағба) құрайтын жақ, қыр, төбе сандарын қосқандағы мәндеріне және ғаламның қозғалмайтын бөлшегі Ай саны (11) мен Қасиетті Құрандағы 15-ші «Әл-Хижр» сүресін қосқандағы сандық мәндеріне тең деп Ақжан әл-Машани өз еңбектерінде атайды. Сонымен қатар, 26 және 62 сандарының астрономиялық ерекшеліктері бар. Ол туралы Ақжан әл-Машани «Табу» атты томдық еңбегінде былайша атап өтеді: «2 мен 6 сандарын жеке қарайтын болсақ, олардың арабша белгі сандары ай орақтың екі түрі, біреуінің орағы оңнан солға, ал екіншісінікі солдан оңға қараған [17: 97]. Осы ретте, Ақжан әл-Машани екі мен алты сандарының арабша белгілеріндегі ай орағы арқылы Айдың толуы мен солуы туралы «Өгізханның қолтаңбасы» атты томдық еңбекте толыққанды түсіндіреді. Баршамызға белгілі, аспан ғаламындағы ай 14 күн солады, 14 күн толады. Нәтижесінде бір айлық уақыттың күні, яғни мәні — 28 болады. Ал қалған екі-үш күндер «өліара» делінетін тәуліктер деп атап өтеді [7: 11]. Мұндағы «өліара» күндер деп Ақжан әл-Машани «Мүшел басы — доңыз. Астрологиялық есептеу» атты мақаласында айдың көзге көрінбейтін кезі деп көрсетеді [22: 2].

Сонымен қатар, Ақжан әл-Машани екі және алты сандарының арабша таңбалық белгілерін көрсете отырып, араб алфавитінің тарихына тоқталады. Жалпы, араб алфавитінде жиырма сегіз әріп бар. Оның жартысы ай әрпі және жартысы күн әрпі деп аталады. Жоғарыда атап өткеніміздей, жиырма сегіз саны — Айдың жаңадан туып, көрініп, біртіндеп толып, одан кейін қайтадан солып көрінбей кетуіне байланысты сан. Айдың көзге көрінетін күн тәулік саны — жиырма сегіз, соған сәйкес ең оның жиырма сегіз бекеті, яғни ұясы — жұлдыздар тобы бар екендігін көрсетеді. Мәселен, араб әрпінің бас әрпінің аты — «әліф» — «а». Оның мағынасын, Ақжан әл-Машани Әліф — Алып — өгіз дегенмен сәйкестендіреді (сурет 1).



Сурет 1. Бабыл өгіздерінің басынан алынған алфавиттің бастапқы әріптері [20: 112]

Ал, екінші әріп «б» — «бетта» («байт» — арабша аударғанда — «үй» деген мағына). Яғни, бұл Ай мен Күннің тоқтайтын тұрағы, бекеті деп көрсетеді [16: 21]. Грекше «а», «б» әріптері — грекше альфа, бетта деген сөздерден «Алфавит» аталынады. Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің еңбектерінен 26 санының ғаламның тетіктерімен тығыз байланысты екендігін көруімізге болады.

Қолжазбада көрсетілген 62 мен 26 сандарын математикалық модуль әдісі арқылы шешімін шығаратын болсақ (36-4), мәні 32-ге тең болады. Ақжан әл-Машанидің көрсетуінше, 36 саны аспан саны және «Хадид» (26), аспан (10) қосындысына тең [17: 222]. Ал, 4 саны, жоғарыда атап өткеніміздей, текшенің (Қағбаның) төрт жағы, шаршы, жер мағынасында болып табылады [14: 24]. Сонымен қатар, аталмыш қолжазбаның парағында арабша белгілерімен берілген  $17+15=32$  мәндері берілген. Ғалымның көрсетуінше, мұндағы 17 саны — бес уақыт тек қана парыз намаздарының санына тең болса, ал 15 саны — «Әл-Хижр» (тас) сүресіне тең

Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Әл-Му`минун» 23-сүренің 78-аятында: «Әрі Ол /Аллаһ/, сендер үшін естуді, көруді, жүректерді пайда қылды» деп көрсете отыра, ең алдымен адамзат баласы қоршаған ортаны және өзін тану керектігін атайды. Сондай-ақ, Ақжан әл-Машани «Айдың аялдамалары» атты кітапта айқын мағыналы хақ жолы жазылған Құран берді, оны оқуға, зерттеуге міндеттісің. Сол арқылы дүниенің шындығына жетуге міндеттісің деген қағидаларды алға тартады [20: 93].

#### Қорытынды

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасының сирек қорында сақтаулы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің аталмыш қолжазбасының

табиғат ғылымдарына негізделіп, дүниенің шындығына жетуге деген талпынысын көруімізге болады. Қолжазбада Құран, табиғат және АБЖД ғылымдарының сабақтасқан көрінісін көре алдық Осы орайда, бұл қолжазбаны одан әр зерттеу арқылы жаңа ғылыми ойларға апарары хақ.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық] / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т. 14: Тұран қақпасы. — 392 б.
- 2 Машанов А.Ж. Шындық іздеген заман жетті / А.Ж. Машанов // Зерде. — 1989. — № 9. — Б. 1–3.
- 3 ҚР ҰҒАА. — Қ. 2. — Т.— 1а л/д. — Іс 1. — П. 62.
- 4 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық] / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т. 13: Ғалами мөр. — 400 б.
- 5 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық] / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2005. — Т. 1: Әл-Фараби көпірі, «Әл-Фараби» романы. — 352 б.
- 6 Машанов А. Әл-Фараби, 870–1970: тарихи-деректі кітап / А. Машанов. — Алматы: Жазушы, 1970. — 245 б.
- 7 Машанов А. Әл-Фараби және Абай / А. Машанов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 192 б.
- 8 Машанов А.Ж. Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы / А.Ж. Машанов // Зерде. — 1994. — № 3. — Б. 22–24.
- 9 Машанов А.Ж. Әл-Фарабидің нұрнамасы / А.Ж. Машанов // Зерде. — 1994. — № 2. — Б. 22–24.
- 10 Машанов А.Ж. Философия таласты майдан / А.Ж. Машанов // Зерде. — 1994. — № 5. — Б. 22.
- 11 Машанов А.Ж. Ислам діні және ғылым / А.Ж. Машанов // Шалқар. — 1994. — № 28 (498). — Б. 4–5.
- 12 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық] / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т.16: Әл-Фараби және музыка. — 416 б.
- 13 Әл-Машани А.Ж. Табиғат матбуғат. 1-кітап / А.Ж. Әл-Машани. — Алматы, 1983. — 60 б.
- 14 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2008. — Т. 10: Шаңырақ. — 236 б.
- 15 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2009. — Т. 12: Қадір түнгі ойлар. — 280 б.
- 16 Құран Кәрім: мағыналар және түсіндірмелерінің /тәпсірінің/ аудармасы / жауапты редакторы А. Омар. — Алматы: Дәуір, 2013. — 776 б.
- 17 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2007. — Т. 5: Табу. Ғажайып от ошағы. Ай арысы. — 296 б.
- 18 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т. 15: Өгізханның қолтаңбасы. — 432 б.
- 19 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2007. — Т. 6: Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. — 224 б.
- 20 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2008. — Т. 9: Айдың айалдамалары. — 296 б.
- 21 Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. / А. Әл-Машани; құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Алатау, 2005. — Т. 2: Әл-Фараби және Абай. — 296 б.
- 22 Машанов А.Ж. Мүшел басы — доңыз: астрологиялық есептеу / А.Ж. Машанов, Ш. Абдраман // Ана тілі. — 1995. — № 8–10. — Б. 15.

А.Т. Иманғалиев, З.О. Дүкенбаева

### О рукописи «Табиғат матбуғат» (طبيعة مطبوعة) первого ученого-фарабиеведа Акжан аль-Машани

Первый ученый-фарабиевед Акжан аль-Машани с 40-х гг. XX в., изучив труды аль-Фараби, выдающегося представителя средневекового мусульманского Ренессанса, на основе наследия аль-Фараби написал ряд новых научных трудов. Одним из них является копия рукописи Акжана аль-Машани «Табиғат матбуғат» (طبيعة مطبوعة), хранящаяся в Редком фонде научной библиотеки Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Данная рукопись была подарена в Фонд научной библиотеки ученым-фарабиеведом-машаниеведом Дукенбаевой Задаш Оразғалиевной. Ученый-фарабиевед Акжан аль-Машани, указывая в книге «Аль-Фараби и Абай» причину, по которой эту рукопись называют «Табиғат матбуғат», обосновывает, что одним из всех существ является природа, а матбуғат — место печати или место книгопечатания. То есть источник знаний человека — природа. Ученый-фарабиевед Акжан аль-Машани отмечает, что, наблюдая, исследуя природу,



проверяя ее, признавая законность, мы можем познать творение и Творца планеты. В данной рукописи Акжана аль-Машани представлены новые научные исследования, направленные на познание мира природы и действительности, путем объединения Корана, АБЖД и естественных наук в единое русло. Данная рукопись еще больше доказывает, что ученый-фарабиевед Акжан аль-Машани является ученым-энциклопедистом, потому что в этой рукописи много вопросов в решении тайны природы, то есть о месте, которое занимает составная часть мира, Кааба, Темир (Хади́д), небесный мир.

*Ключевые слова:* фарабиевед, Акжан аль-Машани, рукопись, Коран, естественные науки, наука АБЖД, истина, вселенная, восточное летоисчисление.

A.T. Imangaliyev, Z.O. Dukenbaeva

### On the manuscript “Tabigat Matbugat” (طبيعة مطبوعة) of the first farabiologist-scientist Akzhan al-Mashani

The first pharabiologist Akzhan al-Mashani from the 40s of the XX century, having studied the works of Al-Farabi, an outstanding representative of the medieval Muslim Renaissance, wrote a number of new scientific legacies based on the works of the medieval heritage of al-Farabi. One of them is a copy of Akzhan al-Mashani’s manuscript “Tabigat matbugat” (طبيعة مطبوعة), stored in the rare fund of the scientific library of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. This manuscript was donated to the fund of the scientific library by the scientist pharabiologist-machanievist Dukenbayeva Zdash Orazgaliyevna. The pharabiologist scientist Akzhan al-Mashani, indicating in the book “Al-Farabi and Abai” the reason why this manuscript is called “Matbugat of Nature” justifies that nature is one of all beings, and matbugat is the place of printing or the place of book printing. That is, the source of knowledge of man-nature. The pharabiologist-scientist Akzhan al-Mashani notes that by observing, exploring, testing, recognizing the legitimacy of nature, we can know the creation and Creator of the planet. This manuscript by Akzhan al-Mashani presents new scientific studies aimed at knowing the world of nature and reality, by combining the Quran, Abjad, and natural sciences into a single channel. This manuscript further proves that the pharabic scholar Akzhan al-Mashani is an encyclopedic scholar. Because this manuscript has many questions in solving the mystery of nature, that is, the place that occupies the constituent part of the world, the Kaaba, Temir (Hadid), the heavenly world.

*Keywords:* farabiologist, Akzhan al-Mashani, manuscripts, Quran, physical science, science of Abjad, truth, whole creation, eastern chronology.

#### References

- 1 Al-Mashani, A. (2011). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Turan qaqpasy* [A collection of multi-volume works. Turan Gate]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 14). Almaty: Bolashaq [in Kazakh].
- 2 Mashanov, A.Zh. (1989). *Shyndyq izdegen zaman zhetti* [It's time to look for the truth]. *Zerde — Consciousness*, 9, 1–3 [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Ultyq Gylым Akademiiasynyn arkhivy [Archive of the National Academy of Science Republic of Kazakhstan]. — F. 2. — Op. 1a l/d. — D. 1. — L. 62 [in Kazakh].
- 4 Al-Mashani, A. (2011). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Galami mor* [A collection of multi-volume works. The Universe of the Furnace]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 13). Almaty: Bolashaq [in Kazakh].
- 5 Al-Mashani, A. (2005). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Al-Farabi kopiri: maqalalar; «Al-Farabi» romany* [A collection of multi-volume works. The bridge of Al-Farabi. Articles, novel of “Al-Farabi”]. Sh. Abdraman (The compiler.). (Vols. 1-16; Vol. 1). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 6 Mashanov, A. (1970). *Al-Farabi: tarikhi-derekti kitap* [Al-Farabi: The historical and documentary book]. Almaty: Zhazushi [in Kazakh].
- 7 Mashanov, A. (1994). *Al-Farabi zhane Abai* [Al-Farabi and Abai]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 8 Mashanov, A.Zh. (1994). *Al-Farabi, Kepler, Galilei zhane islam gylыmy* [Al-Farabi, Galileo, Kepler and the science of Islam]. *Zerde — Consciousness*, 5, 22-24 [in Kazakh].
- 9 Mashanov, A.Zh. (1994). *Al-Farabidin nurnamasy* [The light of Al-Farabi]. *Zerde – Consciousness*, 2, 22–24 [in Kazakh].
- 10 Mashanov, A.Zh. (1994). *Filosofia talasty maidan* [Philosophy is the battleground and ideas]. *Zerde – Consciousness*, 5, 22 [in Kazakh].
- 11 Mashanov, A.Zh. (1994). *Islam dini zhane gylым* [Religion of Islam and science]. *Shalqar*, 28 (498), 4-5 [in Kazakh].
- 12 Al-Mashani, A. (2010). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Al-Farabi zhane muzyka* [A collection of multi-volume works. Al-Farabi and music]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 16). Almaty: Bolashaq [in Kazakh].
- 13 Al-Mashani, A.Zh. (1983). *Tabigat matbugat 1-kitap* [Tabygat matbygat. Book 1]. Almaty [in Kazakh].
- 14 Mashani, A. (2008). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Shanyraq* [A collection of multi-volume works. Shanyrak]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 10). Almaty: Alatau [in Kazakh].

- 15 Al-Mashani, A. (2009). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Qadyr tungi oilar* [A collection of multi-volume works. Things of the Qadr Night]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 12). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 16 (2013). *Quran Karim: magynalar zhane tusindirmelerinin /tapsirinin/ audarmasy* [Kuran Karim. Translation of tafsir's means and explanations]. Omar A. (Ed.). Almaty: Daur [in Kazakh].
- 17 Al-Mashani, A. (2007). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Tabu: Gazhaiyp ot oshagy. Ai arsy* [A collection of multi-volume works. Find. A wonderful hearth of fire. Moon lion]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 5). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 18 Al-Mashani, A. (2010). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Ogizkhannyn qoltanbasy* [A collection of multi-volume works. The Stamp of Ogizkhan]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 15). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 19 Al-Mashani, A. (2007). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Al-Farabi zhane bugingi gylm* [A collection of multi-volume works. Al-Farabi and a contemporary of science]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 6). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 20 Mashani, A. (2008). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Aidyn aialdamalary* [A collection of multi-volume works. The lunar stops]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 9). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 21 Mashani, A. (2005). *Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. Al-Farabi zhane Abai* [A collection of multi-volume works. Al-Farabi and Abai]. Sh. Abdraman (The compiler). (Vols. 1-16; Vol. 2). Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 22 Mashanov, A.Zh., & Abdraman, Sh.A. (1995). *Mushel basy — donyz: astrologiialyq esepteu* [The beginning of the year – pig: astrological calculation]. *Ana tili — Native language*, 8-10, 15 [in Kazakh].